

Алға ауданының Черноводск селосын Қарақұдық ауылы деп қайта атау туралы

Ақтөбе облысының әкімиятының және мәслихатының 2009 жылғы 18 сәуірдегі N 119/186 бірлескен қаулысы мен шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 14 мамырда N 3290 тіркелді

Ескерту. Орыс тіліндегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "аул" сөзі "село" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты мен әкімдігінің, облыстық ономастика комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, **облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Алға ауданының Черноводск селосы – Қарақұдық ауылы деп қайта аталсын.
2. Әкімдіктің осы қаулысы және мәслихаттың шешімі ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
Облыстық мәслихаттың сессия
төрағасы

Е. САҒЫНДЫҚОВ
Н.САБДЫҚОВ